



**ӘЛ-ФАРАБИ атындағы  
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ  
имени АЛЬ-ФАРАБИ**

**«БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫН  
ЖАҢҒЫРТУ: АККРЕДИТАЦИЯ ЖӘНЕ  
КАДРЛАР ДАЙЫНДАУ САПАСЫНЫҢ КЕПІЛІ»  
46-ғылыми-әдістемелік конференция  
МАТЕРИАЛДАРЫ**

14-15 қаңтар 2016 жыл

2-кітап

**МАТЕРИАЛЫ**  
46-й научно-методической конференции  
**«МОДЕРНИЗАЦИЯ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ  
ПРОГРАММ: АККРЕДИТАЦИЯ И ГАРАНТИЯ  
КАЧЕСТВА ПОДГОТОВКИ КАДРОВ»**

14-15 января 2016 года

Книга 2

**Алматы 2016**

<b>Садықова Н.М., Ахтаева Н.С., Жұбаназарова Н.С., Болтаева А.М.</b> Жоғары оқу орнында мамандарды кәсіби даярлау кезеңінде студенттердің өзіндік анықталуының ерекшеліктері	80
<b>Сальников В.Г., Тажибаева Т.Л., Полякова С.Е.</b> Повышение квалификации ППС по внедрению иринципов «Зеленого офиса» в учебных заведениях Казахстана	83
<b>Самалдыков М.К., Апенев С.М.</b> О некоторых гарантиях к качеству подготовки юристов-международников (на примере курса уголовного права РК и ЗС)	87
<b>Сансызбаева Г.Н., Баймуханбетова Э.Е.</b> Модернизация образовательных программ обучения как условие повышения качества подготовки специалистов в КазНУ имени аль-Фараби	91
<b>Сансызбаева Г.Н., Баймуханбетова Э.Е., Аширбекова Л.Ж.</b> Совершенствование системы повышения квалификации ППС вузов как основа обеспечения качества образования в университете	94
<b>Сейлханова Г.А., Оспанова А.К., Панова Е.Н.</b> Практико-ориентированное обучение при подготовке специалистов в области химии и химической технологии	98
<b>Сейтжанова А.К., Уварова А.К., Плохих Р.В.</b> ЕМІ в Казахстане: сложности и задачи	100
<b>Сейітнұр Ж.С., Аймаганбетова А.Х., Тлеугабылова З.А.</b> Білім беру бағдарламасын жаңартуда Қазақстандық ерекшеліктерді ескеру	105
<b>Сиротина С.Г., Шепетюк Н.М.</b> Некоторые вопросы практикоориентированного обучения по специальности «Физическая культура и спорт»	108
<b>Скиба М.А., Турганбаева А.Р.</b> Обучение в вузе с позиции формирования профессиональной компетентности	112
<b>Смағұлов С.</b> Білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында студент-жастарды отансүйгіштік рухта тәрбиелеудегі ұлттық тарихтың рөлі	116
<b>Солтиева Б.Ш., Сойкина Н.Ю.</b> «Музей ісі және ескерткіштерді қорғау» мамандығының студенттерін дайындаудағы кәсіби мәселелері	120
<b>Сулейменова О.Я., Хасанов Б. Ж.</b> Болашақ мамандарды даярлауда бейорганикалық химия білімін бақылау мен бағалаудың жолдары	123
<b>Султанова Б.Б.</b> Методические основы организации научно-исследовательской практики магистрантов	126
<b>Султанова Б.Б., Исаева А.А., Тураров Д.Р.</b> Тәжірибеге бағытталған білім беру жүйесі студенттердің біліктілігін қалыптастырудың негізгі шарты ретінде	129
<b>Супугалиева Г.И.</b> Еңбек нарығына қажетті түлектерді тәжірибеге бағытталған дайындықтан өткізу	132
<b>Сұлтанбаева Г.</b> «Журналистика» мамандығы бойынша білім беру бағдарламаларын өзірлеу	134
<b>Тәжібаева С.М., Түсюпова Б.Б., Артықова Д.М., Қоқанбаев А.Қ., Мүсабеков Қ.Б.</b> Өндіріске бағытталған пәндерді оқыту ерекшеліктері	138
<b>Тажибаева Т.Л.</b> Практико-ориентированное обучение по курсу «Организация и планирование научных исследований»	139
<b>Тажиева С.К., Баймухамбетова Э.Е., Аширбекова Л.Ж.</b> Системный подход в подготовке специалистов по логистике	143
<b>Тасибеков Х.С., Ергобек Ш.К., Мусабекова А.А., Тажибаева С.М., Ефремов С.А., Наурызбаев М.К., Кудреева Л.К., Оспанова Ж.Б.</b> Новые подходы в подготовке инженерных кадров	146
<b>Тастемирова Г.А., Тилеужанова Г.Т., Сапаева Г.Е.</b> Қазақ тілін ауған тыңдаушыларына үйретудегі кейбір ерекшеліктер	152
<b>Таубаева Ш.Т.</b> «Педагогиканың философиясы және әдіснамасы» пәнінің негізгі оқу бағдарламасын жобалаудағы логикалық-құрылымдық сызбалардың әлеуеті	154
<b>Ташкеева Г.К., Мурадов А.Д.</b> К вопросу организации практикоориентированного обучения в вузе	156
<b>Торманов Н., Атанбаева Г.К., Уршеева Б.И.</b> Студенттердің білім деңгейін бақылау және бағалау жайлы пікірлер мен ұсыныстар	162
<b>Төлебаев Т.Ә.</b> Тарихи білім беру жүйесін модернизаиялау – сапалы маман даярлау кепілі	163
<b>Тукеев У.А., Бельгибаев Б.А., Омаров Б.С.</b> Реализация подготовки магистрантов со специализацией "Автоматизация и управление технологическими процессами" по ГПИИР-2	167

## БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫН ЖАҢАРТУ ЖАҒДАЙЫНДА СТУДЕНТ-ЖАСТАРДЫ ОТАНСҮЙГІШТІК РУХТА ТӘРБИЕЛЕУДЕГІ ҰЛТТЫҚ ТАРИХТЫҢ РӨЛІ

Жастар, оларды тәрбиелеу мәселесі қазіргідей мемлекеттік деңгейде қолға алынып отырғанда бұл істе жоғары оқу орны шешуші орын алатыны белгілі. Бұған барлық пәндер, соның ішінде, әрине, бірінші кезекте ұлттық тарих пәні қомақты үлес қосуға міндетті. Мұндай маңызды міндетті ойдағыдай орындау, әрине, алдын ала дайындықты талап етеді. Ол үшін оқытушы жаңа оқу жылының басында өзі сабақ беретін факультеттер анықталысымен мемлекеттік білім стандарты бойынша сонда оқытылатын Отан тарихы курсының оқу-әдістемелік кешенін, силлабус және т.б. қажетті құжаттар мен оқу құралдарын сол факультет студенттерінің мамандықтарын, профилін ескере отырып дайындап алғаны жөн.

Бүгінгі студент – ертеңгі маман. Сондықтан студент-жастардың бойында жоғарғы идеялық, адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру, отансүйгіштікке тәрбиелеуде әрбір сабақтың мүмкіндіктерін барынша толық пайдалануымыз керек. Жастар – қоғамның болашақ құрылысшылары. Қоғамның тағдыры солардың қолында. Ендеше, жас ұрпақты заман талабына сай тәрбиелеу – аса маңызды міндет.

Тарих пәнінің тәрбиелеушілік мүмкіндігі өте мол. Өйткені ол бүкіл адам баласының ғасырлар бойы жинаған тәжірибесімен таныстырады. Тарихтан тағылым алу керек. «Біз тарихи жадымызды жаңғырту арқылы ұлттық мақтанш сезімін, қазақстандық отаншылдық сезімін орнықтырамыз. Тек науқаншылдыққа салынбау керек, қай жұмысты да шын кәсіби деңгейде, нағыз ғылыми негізде жүргізу керек» [1]. Тарих пәні небір тарихи фактілерді, оқиғаларды, құбылыстарды, тарихи тұлғалардың халық үшін жасаған қызметін, ерлік істерін баяндайды, осылардың бәрі жастардың жүрегіне, сезіміне күшті әсер етеді, адамгершілігі жоғары, ізгі ниетті азамат болып қалыптасуына үлес қосады.

Тәуелсіз Қазақстанға жан-жақты білімді, өз халқының тілін, тарихын, мәдениетін, әдет-ғұрпын сыйлайтын, ел үшін, оның бақытты келешегі үшін бар білімі мен күш-жігерін аянбай жұмсайтын нағыз отаншыл азамат керек. Осындай азаматты тәрбиелеп, қалыптастыруда тарих пәнінің маңызы өте зор. Тарих сабақтарында студенттердің дүниеге ғылыми көзқарасы қалыптасады, адамгершілікке, имандылыққа, ізгілікке, отаншылдыққа, адамзат жасаған құндылықтарды құрметтей білуге тәрбиеленеді; эстетикалық, экологиялық, экономикалық және т.б. тәрбие алады.

«Отаншылдық сезімді орнықтыру қай заманда да, қай қоғамда да маңызды. Бұл, әсіресе, жас мемлекеттер үшін ерекше мәнге ие. Біз патриоттық тәрбие беруге көп көңіл бөлуге тиіспіз. Мұның бір қайнар көзі тарихты білу, одан тағылым алу, бабаларымыздың даңқты істері үшін мақтану екендігі анық. Солай ету керек те. Сонымен бірге тек тарихты малданып қана қалуға да болмайды. «Бүгін мақтанатыны қалмаған елдер өткенімен мақтанады» деген де сөз бар. Біз өткенімізбен де, бүгінімізбен де мақтанатындай ұлт болуымыз керек» [2].

Еліміз бәсекеге қабілетті, дамыған отыз елдің қатарына қосылуға ниеттеніп отыр. Ал бәсекеге қабілетті болудың ең басты шарттарының бірі - патриотизм рухы. Патриотизм – бұл Отанын сүйу, елі мен жерін құрметтеу, өсіп-өнген жерінің мәдени, тарихи құндылықтарын сыйлау. Патриотизм – Отанға деген сүйіспеншілік, бар күш-жігер мен білімін Отан игілігімен мүддесі үшін жұмсау. Туып-өскен жеріне, ана тіліне, өз халқының, елінің әдет-ғұрпына, салт-дәстүріне деген сүйіспеншілік адамдарда ерте заманнан бастап-ақ қалыптаса бастаған.

Осы жерде айтып кететін бір жағдай физика-математика ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, «Новье-Стокс» теңдеуін шешкен, «Өтелбаев функциясы», «Петровскийдің әлемдік проблемасы» сияқты бірнеше еңбектері арқылы мойындалған математик Мұхтарбай Отелбаевтың, өз елінің патриоты ретінде мынадай ой-пікірлерінің зор тәрбиелік мәні айқын көрініп тұр. Ол өзінің «Айқын» газетінің тілшісіне берген сұхбатында: «Көп адам гуманитарлық ғылымнан гөрі, нақты ғылымдарды дамыту керек деген пікір айтып жүр. Мен бұл пікірге түбегейлі қарсымын. Себебі балаларға патриоттық тәрбие беру үшін тарих ғылымы, сөз жоқ, керек. Тіпті тарихқа ерекше көңіл болу қажет». Жастардың бойынан қандай қасиетті коргіңіз келеді? – деген сұраққа: «Патриот болса деймін, қазақшыл, намысшыл болса екен. Мені бәрі ғалым деп сыйлап жатыр. Ал мен үшін ғалымдығымнан бұрын ата дәстүрім маңызды. Ата-бабам аруағын сыйламасам, мыңдаған жыл өмір сүрген ана тілімде сойлемесем, ата салтымды сақтамасам, мен ешкім емеспін» [3].

ҚР Президенті-Елбасы Н.Ә.Назарбаев өзінің 2012 жылғы «Қазақстан-2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Өз бойымызда және балаларымыздың бойында жаңа қазақстандық патриотизмді тәрбиелеуіміз керек. Бұл ең алдымен елге және оның игіліктеріне деген мақтаныш сезімін ұялатады. Біздің балаларымыз бен немерелеріміз сырт елден гөрі Отанында өмір сүргенді артық көретіндей, өйткені, өз жерінде өзін жақсы сезінетіндей болуға тиіс. Біздің еліміздің әрбір азаматы өзін өз жерінің қожасы ретінде сезінуге тиіс» [4] - деп атап көрсетті.

Тәуелсіздікке қол жеткізгеннен гөрі, оны ұстап тұру аса қиын екенін барлығымыз білеміз. Н.Ә.Назарбаев өз тәуелсіздігімізді қоздың қарашығындай сақтау арқылы Мәңгілік Ел бола алатынымызды атап өтті. Елбасы Мәңгілік Ел ұғымын ұлтымыздың ұлы бағдары, «Қазақстан – 2050» Стратегиясының түпқазығы етіп алды. Мәңгілік Ел ұлттық идеясының негізгі мәні – мәңгілік мақсат-мұраттарымыз бен мәдени-рухани құндылықтарымызға негізделген, мемлекет құрушы қазақ халқы мен өзге де ұлттардың ұлттық идеяларын бір арнаға тоғыстыратын идеология арқылы қалыптастырылатын қазақтың ұлттық мемлекеті.

Біз Әнұран, Ту, Елтаңба секілді мемлекеттік рәміздерімізді мақтанышпен көрсететіндей деңгейге жетуге ұмтылуымыз керек. Мысалы, Түркия елі мемлекеттік туын қай жерден де көрінетіндей етіп іліп қояды. Америка Құрама Штаттарында да солай. Бұл олардың еліне деген патриоттық сезімінің жоғары екендігін, өз елін мақтан тұтатынын көрсетеді. Осындай үрдіс бізге де үлгі болса керек. Біздің елімізде де осы бағыттағы заңнамаларға тиісті өзгерістер енгізілді, енді осындай үрдісті әрі қарай күнделікті дәстүрге айналдыру өзімізге байланысты. 2007 жылы Елбасы Жарлығымен 4 маусым Мемлекеттік рәміздер күні болып белгіленді. Бұл – Мемлекеттік рәміздерге деген шынайы құрмет белгісі. Мемлекеттік рәміздерге деген құрмет – отаншылдық сезімнің аса бір жарқын көріністерінің бірі.

Жастарды қол жеткізген табыстарымыз арқылы да отаншылдық рухқа тәрбиелеуге болады. Қазақстан тәуелсіздік алған 24 жылдың ішінде көптеген жетістіктерге жетті. Туған жерінің қол жеткізген жетістіктері жастарымыздың жүрегіне еліне деген құрметін оятары хақ. Олар да өз күш-жігерін, еңбегін Отанына арнауға ұмтылары сөзсіз.

Студент жастардың ұлттық сана-сезімін, отаншылдық қасиеттерін қалыптастыруда «Қазақстан тарихы» пәнінің атқаратын рөлі, маңызы аса зор. Жастарды отаншылдыққа, патриотизмге тәрбиелеу абыройлы іс. Оны іске асырудың жүгі де жеңіл емес. Ұлт тарихын меңгермеген жас маманның дүниетанымы, ой-өрісі, отансүйгіштік қасиеті оң қалыптасуы мүмкін емес.

Ұлт тарихы арқылы Отанға деген сүйіспеншілік сезімі, патриотизм сезімі қалыптасады. Тарих, бірінші кезекте Қазақстан тарихы идеологиялық ғылымның рөлін атқарып отыр. Отан тарихы – басты идеологиялық пән. Ал ұлттық идеология ең алдымен ана тіліңе деген құрметтен, ата-бабаның дәстүріне, тарихына деген ізеттіліктен, бүкіл ұлт болмысыңды қадірлегеннен, намыс-жігеріңнен туады.

Отанымыздың өткенін танып-білу – отансүйгіштік сезімді тәрбиелеудің маңызды факторы. Негізгі бағыт – жас ұрпақты отандық мәдениеттің озық дәстүріне сүйеніп биік патриоттық, отаншылдық рухта тәрбиелеу. Осы тұрғыдан алғанда жоғары оқу орындарында студенттерге Қазақстан тарихы пәнін жүйелі түрде оқытудың орасан зор маңызы бар деп білеміз. Студент жастарды отансүйгіштікке, патриотизмге тәрбиелеуде ұлт тарихының орны мен рөлі ерекше. Себебі, өз елінің тарихын білмеген адамның рухы солғын, патриоттық сезімі төмен, идеалы күйкі болады. Ал, ел мен жеріне адал ұрпақты қалыптастыруда Отан тарихын оқытып-білдірудің маңызы зор.

Біздің ойымызша, кез келген мемлекеттіліктің өзегі отансүйгіштікке байланысты. Әрбір азаматымыздың ойында отансүйгіштікті дамытпай, «біз толыққанды мемлекет құрдық» деп ойлауымыз қиын шығар. Бірақ жастарға қандай да бір нұсқау беру арқылы патриотизмді дамыта алмаймыз. Оларда өз қоғамына деген сенім болу керек. Сонда ғана бәрі дұрыс болады деп ойлаймыз. Негізі патриоттық сезім адамның ойына, санасына, ақыл-өресіне, ерік-жігеріне тікелей байланысты нәрсе. Әркімнің патриотизмінің биіктігі – сол адамның ойлау жүйесіне тікелей байланысты. Патриоттық сезім – адамды өз қоғамының, өз мемлекетінің толыққанды азаматы ететін бірден-бір сезім.

Студент жастарды отансүйгіштікке тәрбиелеуде ежелгі заманнан бүгінгі күнге дейінгі қазақ батырларының (мысалы, Шырақ, Бөгенбай, Қабанбай, Наурызбай, Малайсары, Баян, Сырым, Исатай, Махамбет, Бауыржан Момышұлы, Төлеген Тоқтаров, Қайрат Рысқұлбеков және т.б.) ерліктерін, қазақтың әйгілі билеушілерінің, хандарының, билерінің (мысалы, әйел

ханша Томирис, Сұлу қаған, Жәнібек, Керей, Қасым, Хақназар, Тәуке, Абылай, Кенесары хандар, Төле, Қазыбек, Айтеке билер және т.б.) өз елі, халқы үшін аянбай атқарған істерін сабақтарда жан-жақты көрсетудің маңызы өте зор.

Ұлтшылдық, отаншылдық – елі, жері, отаны үшін жанқиярлыққа бару. Бұл табиғи сипат. Сақ елінің жылқышысы Шырақ өз елін парсы жаулауынан сақтап қалу үшін өзін өлімге қиып, парсы қолын шөлейтке бастап кіріп, сусыз қырғынға ұшыратты. Сақ елінің әйел ханшасы Томирис парсы патшасы Кирдің басын Сақ жерін жауламақ болғаны үшін алды. Көне түркілер елін, жерін қорғауда «Түн ұйықтамады, күндіз отырмады». Кенесары, Наурызбай да елі, жері үшін шейіт болған. 1986 жылғы ұлт-азаттық көтерілісі де қазақ елінің тәуелсіздік жолындағы күресі еді.

Сөйтіп, әлемді тітіреткен Кирдің, Дарийдің, Македонскийдің жорықтары тығырыққа тіреліп, бірі алтын тәжді басын қалдырып, бірі тырағайлап қаша жөнеліп, үшіншісі «бұларды жаулау мүмкін емес» деп кері бұрылуға мәжбүр болған. Көне заманда да, орта ғасырларда да парсы, грек, араб және т.б. елдерден, негізінен оңтүстік-батыс жақтан келген жаулаушылар Орта Азия аймағын басып алса да, ешқашан Сырдария өзенінен өтіп қазақ даласын жаулап алмаған. Бұл сол замандағы ұрпақтың бойында елге, жерге, Отанға деген терең сүйіспеншіліктің, махаббаттың күшті болғандығын көрсетеді.

Ақын Серік Тұрғынбектің олең сөздерімен айтқанда, біздің батыр ата-бабаларымыз:

Арғы тектен ат үстінде – тұрағы,  
Айқастардан алып шыққан Ұраны.  
Кокті түріп, көк найзаның ұщымен,  
Көк туында – көлбеңдеген қыраны.  
Суға батпай,  
Отқа салса – күймеген.  
Жерін сатпай,  
Жауына бас имеген!  
Өзі келіп тиіскенді ондырмай,  
Өздігінен жан адамға тимеген [5].

ҚР Президенті-Елбасы Н. Назарбаев өзінің Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 15 жылдығына арналған салтанатты жиналыста сөйлеген сөзінде «Біз - ежелден ер деген даңқы шыққан халықтың ұрпағымыз. Біз – ел бірлігі жолында әрқашан намысын бермеген халықтың ұланымыз» [6], - деп атап көрсетті.

Сонымен қатар Қазақстан тарихы сабақтарында және сабақтан тыс уақытта өлке материалдарын, архив деректерін, тарихи-мәдени мұражай құжаттарын жүйелі пайдалану студент-жастардың туған жерге деген сүйіспеншілігін арттыра түседі. Еліміз ауқымында ежелден пайда болып, қалыптасқан мәдениет ескерткіштері туралы мәліметтер, тарихи жырлар, ауыз әдебиетінің басқа да үлгілерін пайдалану тарихи сананы қалыптастырып, жастардың ұлтжандылық сезімін оятады.

Президент Н.Ә.Назарбаевтың бастамасы бойынша 2004 жылы қабылданған «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы мемлекетіміздің рухани және білім саласындағы дамуының, мәдени мұраны сақтау мен тиімді пайдаланудың негізгі құжатына айналды. Атқарылған ауқымды жұмыс халқымыздың аса құнды тарихи жәдігерліктерін қалпына келтіруге, оларды белсенді қоғамдық үрдістер саласына қосуға, классиктер еңбектерін сан мыңдаған таралыммен шығаруға мүмкіндік берді. Бұл бағдарламаның басты мақсаты жонделген ескерткіштер мен табылған қолжазбалардың саны емес, оның түпкі мәні - өз Отанын шын жүректен сүйетін, өз елінің тарихына құрметпен қарайтын қазақстандықтардың жаңа ұрпағын қалыптастыруға жағдай жасау.

Елбасы өзінің 1997 жылғы Жолдауында «Мен өзіме 33 жыл өткеннен кейінгі Қазақстанды қалай елестетемін? Біздің жас мемлекетіміз өсіп-жетіліп, кемелденеді, біздің балаларымыз бен немерелеріміз онымен бірге ер жетеді... Олар күллі әлемге әйгілі өрі сыйлы өз елінің патриоттары болады» [7], - деп келешек ұрпаққа зор сенім артып отыр.

Біз ұлтты ұйытатын отаншылдықты дәріптеу, кіндік қаны тамған жерді сүйеге баулу жолында үгіт-насихатты, тәлім-тәрбиені орбіткеніміз мақұл. «... Біз Қазақстанның барлық азаматтарының отаншылдық сезімі мен өз еліне деген сүйіспеншілігін дамытуға тиіспіз» [8].

Елбасы «Қазақстан – 2030»: Қазақстан халқына Жолдауындағы «Ұлттық қауіпсіздік» деп аталған бірінші ұзақ мерзімді басымдығында «Бізге деген ниеті теріс күш иесі өзінің, оны қолданбақ әрекетіне немесе қатер тәндіруіне қарсылық көрсетілетінін алдын ала білуі үшін біз

өлемге бірлігіміз бен тәуелсіздікке деген ерік-жігерімізді, азаматтығымыз бен отан-сүйгіштігімізді паш етуге тиіспіз» [9], - деп атап көрсетті.

Еліміз тәуелсіздігінің 15 жылдығы қарсаңында Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан жолы» деген ең алдымен жастарға арналған кітабы шықты. Бұл кітаптың басты құндылығы – жастарды отаншылдыққа, патриотизмге тәрбиелеуде маңыздылығы. Кітаптың соңғы абзаңы ізгі тілекке ұласқан. «Өз Отандарыңды сүйеге, қорғауға тілектеспін. Елімізді қорғап, бір-бірімізге көмектессек және бірлікшіл болсақ, кез келген сыннан сүрінбей өтеміз деп білемін», деген сөздер әрбір қазақстандықтың, әрбір жас азаматтың жүрегіне жетер деген ойдамыз.

Ел болашағы өткенімен жасампаз. Артымызға қарап тарихтан сабақ алып, алдымызға қарап келешегімізді болжайтынымыз белгілі. Жастардың ел ертеңіне жауапкершілікпен қарауы ел тарихын, ұлт тарихын қаншалықты білетіндігіне тікелей байланысты екенін ескерсек, еліміздің тәуелсіздік тарихын болашақпен үндестірген аталмыш кітаптың өскелең ұрпақ үшін құнды мұра болары сөзсіз.

Бүкіл ел болып атап өткен Қазақ хандығының 550 жылдық мерейтойы – бұл біздің мемлекетіміздің, қазақ елінің қалыптасу тарихы. Осы тарихты ата-бабаларымыздың сара жолы арқылы жастарды отансүйгіштікке, ұлтжандылыққа тәрбиелеуіміз керек. Өскелең ұрпақ бойында жаңа қазақстандық патриотизмге тәрбиелеу шаралары жиі ұйымдастырылып тұрса, жас ұрпақтың санасына «Мәңгілік Ел», «Жаңа қазақстандық патриотизм» және «Азаматтық» құндылықтарды қалыптастыруға барынша көңіл бөлінсе, сонда ғана Тәуелсіздік тұғырының негізі – отансүйгіштік екенін ұғынып, әр азамат қолынан келгенінше елінің өркендеуіне өз үлесін қосады.

ҚР Президенті-Елбасы айтқандай «Қазақстан – біздің қасиетті мекеніміз. Кейінгі ұрпақ осынау қастерлі өлкеде өмір сүріп, өркен жаятын болады. Біз ұлттың тарихи санасын қалыптастыру жұмысын жалғастыруымыз керек. Бүкіл қазақстандық бірегейлік біздің халқымыздың тарихи санасының өзегіне айналуға тиіс. Өз еліне пайдасын тигізу, өз Отанының тағдырына жауапты болу – ...әрбір қазақстандық үшін парыз және абырой» [10].

Жоғарыда айтқан ойларымызды тұжырымдай келе айтарымыз, біздің алдымызда өз Отанын жанындай сүйетін, ұлттық тарихымыз бен мәдениетімізді, әдет-ғұрып, салт-дәстүрімізді қастерлей білетін елжанды, ұлтжанды, патриот азамат қалыптастыру міндеті тұр және ол ешқашан күн төртібінен алынбақ емес. Отан, халық мүддесін бірінші орынға қоятын, елі мен халқының келешегі үшін бар күш-жігері мен білімін аянбай жұмсайтын Қазақстанның белсенді азаматтарын тәрбиелеу бүгінгі күннің басты міндеті. Қазақстандық патриотизмді қалыптастыру қоғамның орнықты әлеуметтік-экономикалық дамуына, мемлекеттің тәуелсіздігі мен қауіпсіздігін нығайтуға үмтылып отырған біздің еліміз үшін өте қажет.

**Ұсыныстар:** біріншіден, қоғамда зерделенген ұлттық тарихтың маңызы мен мағынасын дәл осы кезеңде халыққа жеткізуіміз керек; екіншіден, жастар мәселесі, патриоттық тәрбие мәселесіне ден қою керек; үшіншіден, қоғамдық пікірді қалыптастыратын, жастарға тарихи танымды арттыруда бұқаралық ақпарат құралдары ақпараттық-танымдық хабарларды көбейту қажет; төртіншіден, жастардың назарын ұлт тарихына аудару үшін және олардың отаншылдық қасиетін арттыру үшін ғаламторда тарихи жобаларды орналастыру керек.

Жастарға тарихи тәрбие беру ісінде бұқаралық ақпарат құралдарының рөлін күшейткен жөн. Осы орайда еліміздің терең тарихын баяндайтын деректі фильмдер мен ақпараттық-танымдық хабарлардың санын арттыру қажет. Жастарға арналған тарихи-көркем фильмдер де патриоттық сезімді оятудың тиімді құралы бола алады. Мәселен, «Жаужүрек мың бала» фильмі көпшіліктің туған жердің тарихына деген қызығушылығын арттырды. Басқа мемлекеттердің есриалдары ұлт рухын көтеріп қана қоймай, ол халықты өзгелерге таныстырады. Бізге де осы жұмыстарды жүйелі түрде жүргізу керек. Сондай-ақ тарихи тәрбие беру жұмысын ғаламтор арқылы үздіксіз жүргізіп отыру қажет.

#### Әдебиет:

1. Назарбаев Н.Ә. Ұлттың ұлы мұраты жолында ұйысайық. – Ана тілі, 5 маусым 2008 ж.
2. Бұл да сонда.
3. Айқын, 17 қаңтар 2014 ж.
4. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан – 2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. ҚР Президенті-Елбасының Қазақстан халқына Жолдауы. 14.12.2012 ж. – Айқын, 15 желтоқсан 2012 ж.
5. Егемен Қазақстан, 14 желтоқсан 2006 ж.

6. Назарбаев Н.Ә. Қазақстандық жол: тұрақтылықтан – жаңару арқылы - өркендеуге. ҚР тәуелсіздігінің 15 жылдығына арналған салтанатты жиналыста сөйлеген сөзінен. – Егемен Қазақстан, 16 желтоқсан 2006 ж.

7. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан – 2030: Ел Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы. А., 2001. 29-б.

8. Бұл да сонда, 37-б.

9. Бұл да сонда, 38-б.

10. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан – 2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. ҚР Президенті-Елбасының Қазақстан халқына Жолдауы. 14.12.2012 ж. – Айқын, 15 желтоқсан 2012 ж.

**Солтиева Б.Ш., Сойкина Н.Ю.**

### **«МУЗЕЙ ІСІ ЖӘНЕ ЕСКЕРТКІШТЕРДІ ҚОРҒАУ» МАМАНДЫҒЫНЫҢ СТУДЕНТТЕРІН ДАЙЫНДАУДАҒЫ КӘСІБИ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Қазіргі таңда музейге деген талаптар келушілер тарапынан өзгеруде, сонымен қатар музей мекемелерімен бәсекелес мекемелер (кинотеатрлар, ойын-сауық орталықтары) саны артуда. Музейлер ешқашан статистикалық мекеме ретінде болған жоқ және қоғам сұраныстарына өзінің пайда болған уақытынан бері әрқашан икемді түрде бейімделіп келеді. Олар көне Грецияның храм жиналыстары және рим аристократтарының жабық коллекцияларынан, қайта өрлеу дәуірінің протомузейлерінің эклектикасы және эстетизмінен ағартушылық дәуірінің қатаң жүйелеуі кезеңінен бері өзгеруде. «Бүгінгі таңда ақпарат дәуірінің орнына өзара қатынас дәуірі келуде», – деп белгілі музейтанушы М. Юхневич өзінің «Я поведу тебя в музей» атты кітабында жазады (1, 16б.). Музейлер өзгерген жағдайларға бейімделуге мәжбүр болуда. Музейлер саны ұдайы өсу арқылы олардың алуан түрлілігін тудыруда және сонымен қатар, бүгінгі уақыттағы музей үйреншікті құбылыс, соған байланысты көптеген адамдарда белгілі бір және кейде позитивтен алыс стереотип қалыптасты.

Кез-келген кәсіби қызметтерге дайындық сияқты, музейтануды оқытудың негізгі мәселесі – ол болашақты қозғалдымызға елестетуге тырысатынымыз және сол болашаққа өз студенттерімізді дайындауымыз. Музей ісінің оқытушылары коллекцияларымен жұмыс негіздері, көрмелік қызмет, интерпретация және басқарудан өзге диапазонның кеңдігі, бейімділік және білуге құштарлыққа да көңіл бөлу керек(2).

Өз студенттеріңіз қайткенде оқытушылар музей ісі туралы қажетті әдістерді үйрете алады? Оған қоса қажетті әдістер деген не? Қарапайым пенденің мүмкіндігінен талап етілген білім мен ептіліктің потенциалды тізімі шексіз сияқты көрінеді. Оның үстіне, барлық жаңа талаптарды көрсету – тиімсіз және пайдасыз шаруа. Ойластырылған таңдау жүргізу керек (2).

Сөзсіз, студенттер үшін білім жинақтауда негізгі музей ісі салаларына – сақтау және консервация, қорларды жинақтау және есеп, көрмелік, мәдени-ағартушылық ісі, сонымен қоса менеджмент, этика, маркетинг және фандрейзинг салалары болып саналады. Әрине, музей ісіндегі есептің бұрлысына қатысты диалогиялық мәселеге шешім табудан өзге, коммуникация, көрмеге қойып көрсету және интерпретация сияқты интерактивті технологияларды қосуға болады.

Біздің елге келуші туристердің саны онша көп болмағандықтан, музейге келушілерді мектеп оқушылары мен студенттер құрайды. Олар музейге топ болып барып жатады және олардың музейге баруына өздерінің қалауымен емес, мұғалімдердің талаптарымен барады.

Біз әрдайым бірінші курстың музейтанушы студенттеріне сұрақ қоямыз: Сіздер қандай музейде болдыңыздар? Сіздерге не ұнады, не ұнамады? Нені өзгертіңіз келеді? Өкінішке орай оқушы жастардың көпшілігі музейдің маңыздылығы туралы бірауыздан, белсенді түрде мойындағанымен, іс жүзінде тек ағышулы ұран айтудан аспайды. Жастар өз еркімен музейлерге сирек барады, яғни бұл өте аяныш туғызатын статистика. Студенттердің көпшілігінің музейге бармауының басты себебін, музейдегі іш пыстыратын жағдаймен байланыстыруы болып отыр. Интернет ғасырында өсіп келе жатқан жастар интерактивті технология, бейнематериалдарды қажетсінеді. Бұл қосымша ақпарат алу мүмкіндігіне ие болады деген сөз. Музей олар үшін тек «музаның храмы» емес, сонымен қатар ол қарым-